

Ф. Қ. ХАСАНОВ

## СӨЗ-СИНТАГМАЛАРДЫ КОМПОНЕНТТІ ТАЛДАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Лексикадағы сөз-синтагмаларды алғашқы талдау үлгісін Дж. Лайонздың «Теориялық лингвистикаға кіріспе» еңбегінен кездестірдік. «Тілдегі линейлі синтагматикалық қатынастарды ажырату үшін математикалық әдісті пайдалана отырып, тілдегі бір-біріне тәуелді байланысты зерттеуге болады. Ол үшін сөз кластарын және мүшелерін дәстүрлі **X** және **У** таңбаларымен белгілеп, олардыңқатарына *a, в, n, k* таңбаларын қосады. **X, У** таңбасы ірі сөз кластарын белгілесе, *a, в, n, k* таңбалары оның мүшелерінің құрама бөлшектерінің белгілері. Алғашқы сәтте, сөздер бір-бірімен байланысқа түспеген кезде жай мағыналық байланыс мынадай формалармен беріледі:  $x = a, в; y = n, k$ . Сөйлеу актісінде, мәтін ішінде, олар араласып, мынадай формула түрінде көрінеді:  $x y = ux$  (ап, ак, вп, вк)» [1, 93]. Бір ескертетін жайт, Н.Хомский, Л.Блумфильд, Г.Пауль сияқты Дж. Лайонз да дәстүрлі емес, лингвистика өкілдерінің бірі, сондықтан бүгіндегі тілді дәстүрлі тұрғыда зерттеу принциптеріне пікір, ойлары сай келмегенімен, оларды зерттеуге мол үлес қосатыны сөзсіз. Тілдегі синтагматика екі үлкен сала, лексикология мен синтаксисте, басым бағытта орын алады, сол себепті екі бағыт бір-бірімен тығыз байланыста жүреді. Лексикалық жүйедегі синтагматикалық қатынас сөздердің тіркесімдігінен көрініп, мән-мәтінге тәуелді болады. Синтагматикалық қатынасқа экстралингвистикалық, интралингвистикалық факторлар өз әсерін тигізеді. Сонымен қатар, мәтіндегі синтагматикалық қатынастарға қоршаған ортамен байланыс, ұлттық мәдениет нышандары, этнолингвистикалық алғышарттар, тілдік тұлғаның сөйлем құрау ерекшеліктері, диалектикалық әсер ықпал етеді. Сөйлем ішінде өмір сүретін сөз-синтагма тек мағыналық байланысқа тәуелді болғандықтан, оның беретін мағынасы өзгеше түрде болып келеді. Бұл өзгешелік екі толық мәнді лексикалық мағынаның құрылымының бір-біріне араласа бастап, қатынас орнатуынан байқалады. Екі мағыналық құрылымдағы әртүрлі деңгейлі макро және микробөліктер бір-бірімен тығыз байланыса бастап, жүйелі өзгеріске ұшырап, мән-мәтіннен көрінеді. Атауыш сөздер мағынасы бір-бірімен үйлесіп, синтагматикалық байланыс орнатып, лексикалық жүйенің бір құрамдас бөлшегі болады. Оған *уақ* сын есімін алайық: бұл сөз көптеген деңгейдегі сөздер-

мен лексикалық тіркесім құрайды да мағыналық ерекшелікке ие болады. Мәселен: *уақ ақша, уақ адам, уақ басшы, уақ балалар, уақ мемлекеттер, уақ мал, уақ мінез, уақ жігіт, уақ жұмыс, уақ іс, уақ зат, уақ шеге, уақ кесек, уақ үй, уақ шаруа, уақ жан, уақ балық, уақ шіркей* т.т. сөз тіркесімдерінің әрбірінің беретін мағынасы әрқилы, себебі толыққанды екі мағыналық құрылым өзара мағыналық байланысқа ұшырап тұр. «Атауыш сөздердің мағынасы сыртқы лингвистикалық факторларға тәуелді келсе, сөз-синтагмалардың мәні ішкі тілдік өзгеріс, қатынастардан құралып, дамиды» [2, 97]. Сөз-синтагмалар лексикалық жүйе ішінде екі жағдайда бөлінеді: а) олардың мағынасы актуалданып, күшті байқалған кезде және б) қоршаған ортадағы қабылдауға байланысты ішкі терең, астарлы синтагмалық қатынастың солғын көрінуінен болады. Сөз-синтагмалардың құбылуы семалық құрылымның түрліше деңгейге ауысып, дамып, актуалданғанынан айқындалып отырады. Әсіресе, контекст ерекшелігін осы синтагмалық байланыс тудырады. Ол өз кезегінде стилистикалық-функционалды макрокомпоненттің дамуына ықпал етеді. Стилистикалық және синтагматикалық байланыс тілдегі байланыс жүйесінің дамыған жоғары дәрежесі. Стилистикада, тілдік жүйеде ерекше көрінген сөз-синтагма тіркесімдері талданып отыратын жағдайы кездеседі. Сөз-синтагмалардың мағыналық модификация, әртүрлі түрде, ракурста келуі мәндік өзгешелік туғызады. Мәнді өзгешелік бір қырынан қарасақ, полисемиялы парадигмалық байланыс сияқты, екінші жағынан синтагмалық іргелесу негізінде байқалады. Мәселен, жоғарыда келтірген *уақ* сын есімінің зат есімді тіркесімін алайық: *Уақ жандық бар екен*. Мұнда ұсақ малдарды атап тұр. *Уақ* сын есімі өз семалық құрылымында алдыңғы қатарында көрінсе, *жандық* зат есімі *мал* семалық құрылымын дәл бермейді. Сол себепті *жандық* сөзі *уақ* сөзімен тіркескенде ғана мағыналық үйлесімділік толық ашылып көрінеді. Ал *уақ адам, уақ мінез, уақ басшы* тіркесімдерінде бірыңғай ыңғайластық орын алған, яғни бұл сөздер таза синтагмалық байланыстың көрінісі. Бұл сөз-синтагмалардағы *уақ* сөзінде кіші архисемасы *мінез, адам, басшы, жанды* зат есімдерімен тіркесіп, өзгеше қасиетке ие болады. Дж. Лайонз көрсеткеніндей, мағыналық

өзгеріске алып келеді, яғни *уақ* сөзінің кіші сөзінің бейнелік түрін жасайды. Бейнелік түр ұзын синтагмалық байланыс түзеді, яғни көлбеу бағыттағы ұзын ситагматикадағы ыңғайластыққа негіз болып тұрған өзек жағымсыз бағалау семалар көрінісі. Жағымсыз бағалау семасы сөз-синтагмалардың өзгеру модификациясын лексикалық жүйе жасап, контекстке енгізеді. Кейбір зерттеушілер, мәселен, Б.М. Татаринцев, Э.В. Кузнецова синтагмалық қатынас контекстен көрінеді, сондықтан мән-мәтін айнымалы және тұрақты семаларға ие болады деген пікірлерін білдіреді. Бұл орынды пікір, өйткені бір сөз-синтагма барлық күрделі синтаксистік тұтасымды бір дәреже деңгейінде ұстап тұрады. Мәтіндегі синтагмалық қатынас стилистикалық ерекшелікті аңғаруға жол ашады. Бұған бір сөздің семалық құрылымының өзекті деңгейге көтерілгені жеткілікті. Мәселен: проф. Б. Шалабай өзінің «Көркем проза тілі» еңбегінде М. Әуезовтің «Қараш-Қараш» повесінен күрделі синтаксистік тұтастыққа мәтінді мысалға келтіреді: «*Бақтығұлдың жеке басы қайратты, еті тірі жігіт болғанымен, оған жарытып мал-мүлік бітпеген. Оның бала-шағасынан басқа, жирен жорға аты, екі-үш сиыры, бес-он ешкі-лағы, сосын... кәрі шиті мылтығы ғана бар*». Шиті мылтық алдындағы «**кәрі**» сөзі де қатардағы, жәй эпитеттердің бірі емес. Логикалық жағынан дәлірегі «ескі шиті мылтық» деу. Бірақ жазушы оның жанды нәрсені бейнелейтін «**кәрі**» синонимін пайдалану арқылы біраз жайдан хабар береді. Алдымен, шиті мылтық – ата-бабасынан мұра болып келе жатқан дүние. Екіншіден, «кәрі» сөзі Бақтығұлдыңкедей тіршілігіне де меңзейді. Үшіншіден, мылтық Бақтығұлдың жан жолдасы іспеттес. «**Ескі**» сөзі ол қарым-қатынасты алшақтата түсер еді. Төртіншіден, кәрі шиті мылтық алдағы болатын қанды оқиғаның ең негізгі қатысушысы, «кәрі» сөзінің мағынасы оған да меңзейді» [3, 112]. Осындағы *кәрі* сөзінің семалық модификациясы сөз-синтагматикалық жүйесіне өзек сөз болып тұр. Сөз-синтагмалар мәнінің ұзын синтагмалық байланысқа түсіп, өзгеруіне, негізінен, мән-мәтін әсер етеді. Сөз-синтагманың мағынасы екі жағдайда өзгеруі мүмкін: 1) контекст әсері; 2) валенттілік құбылысының пайда болуы. Сөз-синтагмалар өзгерісінің басты екі типі болады: 1) жекелеген сөз-синтагмалардың семалық құрылымындағы кейбір айырушы, ядролы семалардың күшті ықпалға ие болып, сөз тіркесімдеріне әсер ету типі; 2) сөз-синтагмалардың құрылысына тән емес, алайда әдейі актуалдану үшін қосылып, жа-

малған түрі. Бұл екі жағдайда сөз-синтагма байланысы құрылып, өзіндік байланысқа ие болады. Бұл ерекшеліктердің барлығын компонентті талдау әдісін қолданып, сөз-синтагмалардың семалық модификациясын талдап, айыруға болады. Бұнда лексикалық мағынаның құрылымына талдау жүргізу сияқты жүргізуге болмайды, өйткені лексикалық мағынаның құрылымын талдаған кезде жеке сөз ономаеманы зерттейміз. Ал сөз-синтагмалардың синтагматикалық мағынасы лексикалық мағынаға қарағанда терең, күрделі категория. Бұндағы негізгі ерекшелік сөз-синтагманың кемінде екі не үш сөздің тіркесінен құралуы және контекстегі орны, қолданысы басты рөл атқарады. Сөз-синтагмалар мәтіннің жалпы мазмұнындағы сол тілдің ең дамыған өзгешелігін, яғни парадигматикасының ауысмағынада, көп мағынада келуін бойына жинайды. Әр тілдегі мәтінді басқа тілге аударса да, тіпті, туыс тілдер болса да сөз-синтагмалардың мағыналық құрылымы дәл берілмейді, өйткені семалық актуалдану мәселесі әр тілде өз заңы бойынша жүзеге асады. Актуалдану немесе мағынаның күшеюі концепт ұғымына тікелей байланысты екенін соңғы кездегі зерттеулер дәлелдеуде (Н. Уәли, А. Ислам еңбектері). Бір сөз ұғымының көптеген басқа сөздермен байланысқа түсіп, белгілі бір грамматика-семантикалық шеңбер құрауы синтагматикалық қатынастың ішкі тереңдік мүмкіншіліктері екенін айтпай кетуге болмайды. Синтагмалық мағына терминін қолдана отырып, М. Оразов бұл қатынастарды жасаудың мағыналық элементтерге байланысты екендігін айтып өтеді. М. Оразов былай дейді: «Олардың біреуі мағынаны қалыптастыруда шешуші қызмет атқарса, екінші біреуі сөздің (сол сөздің) мағынасындағы айырушы семасын атқарады. Басқа бір сөздің мағынасында екінші бір мағыналық элемент лексикалық мағынаның ядросын жасау мүмкін. Тіпті бір сөздің аясында да мағыналық элементтер өзара әрекеттер болып, сөздің мағынасының өзгеруіне себепші болады» [4, 151]. Синтагмалық қатынас құраған сәтте екі лексикалық мағына элементтері түйісіп, жағымды семалар мен жағымсыз бағалаушы семалар өзара бір-бірімен лексикалық байланысқа түсіп, кірігіп, басқа ұғым тудыруы мүмкін. Сөз-синтагмалардың басты заңы мағыналық үйлесімділік, яғни үйлесімділік – барлық сөз топтарының арасындағы байланыс арқылы нақтыланатын, сөз мағыналарын біріктіруші логикалық күш. Сөз-синтагмалардың мағыналық құрылымын талдау кезінде барлық сөйлемдегі ерекшелікті

ескеруге тура келеді, өйткені сөз-синтагмаларда ортақ мағыналық құрылым орын алған. Сөз-синтагмаларды компонентті талдау тәжірибесі бір ғана сөздің лексикалық мағынасын талдаудан басталады. С.Мұқановтан мысал келтірелік: «Салт мінуге жорғадан жайлы көлік жоқ. Сөзге шебер, айтыста алдырмайтын кісіні «жорға» деседі» [5, 71]. Салт міну өзінің негізгі мағынасынада тұр, яғни адамның өзінің жеке атта отыруы. Бұнда архисема атта отыру бірінші көрінеді, ал міну етістігінің қозғалыс семасы бұл сөз-синтагмада сосын барып байқалады. Салт міну сөз-синтагмасында, сонымен қатар, нейтралды бағалауыштық сема орын алған. Жорға сөзі тікелей мағынасында қолданылып, сөйлемнің басты предикатына айналып тұр, себебі мұнда жайлылық, әдемілік, ыңғайлылық жағымды семалар айқын көрінеді. Сонымен қатар, соқтырмай жеселетін аттың түрі айырушы семасы да актуалданып тұр. Синтагмалық қатынас жайлы жылқы – жорға деген ұғым береді. Жайлы сын есімі тура мағынасында қолданылады, дегенмен бұл сөз әртүрлі мағыналық құрылымға түсуі мүмкін. Бұған, әрине, тіркесімдегі предикат әсер етеді. Мәселен, жайлы пәтер, жайлы ұя, жайлы орын, жайлы қонақ т.т. Бұл тіркесімдердің бәрінде жайлы сын есімі синтагмалық байланысқа түседі. Басыңқы мүшенің лексикалық мағынасы бағыныңқы мүшенің мағынасымен мағыналық үйлесімділікке ұшыраған кезде синтагматикалық жүйесі қалыптаса бастайды. Көлік сөзінің басты семасы қозғалыс құралы синтагматикалық қатынасқа негіз болады, яғни жайлы көлік, жайлы қозғалыс, мекен ауыстыру деген жаңа құрылымды береді. Бұл құрылым мағынасы сөз-синтагманың мағынасы болады. Сонда жорға – көлік гипер-гипонимиялық қатар құрайды. Қазақ тіліндегі материалды лексиканың әртүрлі лексика мағыналық тобының гипер-гипонимиялық құрылымы проф. Ж.А.Манкееваның және проф. Б.Қалиевтің бегінде қазақ тілінде өсімдік атауларының осы типтес құрылымы талданады. Қазақ ұғымындағы «жорға» сөзінің екінші перифериялы семасын С.Мұқанов өзі түсіндіреді: «Сөзге шебер, айтыста алдырмайтын кісі». Бұнда «қозғалыс құралы, үй жануары» денотаттық макробөлік мүлде жоқ және сезімдік компоненттер байқалмайды. Сонда компонентті талдауға сүйену арқылы синтагмалық байланыс ерекшелігін аңғаруға болады. Бұл жерде проф. М.Оразов пікірі орынды: «Синтагмалық мағына да парадигмалық мағына сияқты өздігінен өмір сүреді. Бірақ арнайы ғылыми талдау

болмаса анық көрінбейді. Тіпті айтушы да, тыңдаушы да күнделікті дағды бойынша оның түп-төркініне қарамай, қолдана береді. Дегенмен де синтагмалық мағына тіркеске түскен сөздердің барлығында да бар, кездеседі» [4, 153]. Сонымен жорға сөзі синтагмасы мына жағдайларда байқалып, тіркесім құрайды. Мәселен, жорға ат, жорға тай, су жорға, сөзге жорға, жігіттің жорғасы, тайпалған жорға, су шайқалмас жорға, әннің жорғасы, күйдің жорғасы, қыздың жорғасы, адамның жорғасы т.т. Бұлардың ішінде гипер-гипонимиялық қатар бар. Алайда, сөз-синтагмалық тілдік байланыстар синтагматикасы күрделі түрде келеді. Бұл күрделілік лексикалық мағыналардың өзара түйісіп, бір құрылымдық мәнге айналуынан туса керек. Даму барысында бұл бір тәртіп заңға айналады да жаңа тіркесімді сөздер пайда болады. Бұлар мән-мәтін ішінде мәнін құбылтып, дамытып, шындалғандай дәрежеге түсіп, адам санасында беки бастайды. Сөз-синтагмалар құрылымы тіл дамуының жоғары көрсеткіші болады, себебі күрделі мағыналық үйлесімнен тұрады. Бұл байланыс барлық сөз таптарына тән, дегенмен етістіктер сөз-синтагманың предикаты ретінде үлкен рөл атқарады. Проф. Б.Момынова былай дейді: «Екі сыңары да лексикалық дербестігін жоғалтпаған сөздер синтагмалық қатынасқа түсу арқылы жаңа ұғым береді. Газетте бұлар көбіне атау тұлғалы сөз болып келеді: келіссөз, пікір-сайыс, баспасөз, ататек, төлтума, пікірталас, елорда, мадақхат, төлемақы, айыппұл, іссапар синтагмалық қатынас нәтижесі. Аз дегенде екі элементтен тұратын синтагмалар кешен болып саналады. Бұл кешеннің деңгейі өзін құрайтын бірліктерге қарағанда әлдеқайда жоғары болады» [6, 13]. Бұл пікір сөзсинтагмалар байланысының дами келе, атауыштық дәрежеге көтерілетін қасиетін растайды. «Ана» семантикалық өрісінде ботақаным, қошақаным, құлыным сөздерінің болуын синтагматикалық байланыс арқылы анықтаймыз. «Ана» семантикалық өрісінде мейірбандылық, ізгілік жағымды бағалауыш эмотема түгелдей орын алады. Сонда кішігірім сөздердің өзі перифериялы семалар сияқты ірі өрістен орын алады. Ал «ана» семантикалық өрісі бейнебір лексикалық мағына сияқты құрылым түзеді, осы құрылым өнбойын бір-біріне қосып, қиюластырып жатқан тілдегі синтагмалық қатынастар. Жалпы алғанда, тілдегі күнде болып жатқан, дамып жатқан байланыстардың негізі мағыналық үйлесімділіктен басталған себептерде жатыр. Мағыналық үйлесімділік синтагматикалық байланыс-

тыңбір тарауы болады, сол себепті сөз мағынасына компонентті талдау тәжірибесі арқылы осындай күрделі мәселелердіңбір ұшпағын шешуге болады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Лайонз Дж.* Введение в теоретическую лингвистику. М., 1979.
2. *Кузнецова Э.В.* Лексикология русского языка. Свердловск, 1989.
3. *Оразов М.* Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.
4. *Шалабай Б.* Көркем проза тілі. Алматы, 1994.
5. *Момынова Б.* Газет лексикасы. Алматы, 1999.
6. *Мұқанов С.* Халық мұрасы. Алматы, 1974.